




Бөлім:	3-бөлім. PYTHON тілінде программалау			
Педагогтің аты-жөні	Макашова Лиза Амангельдиевна			
Күні:				
Сынып:6	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Мәліметтер типтері			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	6.3.3.1 деректер түрлерін жіктеу;			
Сабақтың мақсаты	«Деректер типі» туралы анықтама береді Python тілінің синтаксисін пайдаланып, программа жазады Берілген программаның кодын жазады, тексереді.			
Бағалау критерийі	«Деректер типі» туралы анықтаманы айта алады.			
	Python тілінің синтаксисін пайдаланып, программа жаза алады.			
	Берілген программаның кодын жазып, тексере алады.			
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу ,түсіну және қолдану			
ЕБҚБ сабақ мақсаты	Деректер типі» туралы анықтама айтып түсіндіреді (білу деңгейінде) Басты ұғымдар мен ереже терминдерін айтады (түсіну деңгейінде)			
ЕББҚО сипаттамасы	Мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар бала. (енжарлық) пайда болған.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгендеу, журналға белгі соғу; Сабаққа дайындығын қадағалау. Психологиялық жағымды ахуал орнату мақсатында «Жүректен-жүрекке» тренингін ұйымдастыру. Оқушылар өздерінің қасындағы оқушылардың жақсы жақтарын айтады.	1.Мұғаліммен амандасады. Оқушылар өздерінің қасындағы оқушылардың жақсы жақтарын айтады.		Күнделік кз қоржын сары, қызыл асықтар

<p>Сабақтың ортасы 5 мин</p>	<p>2. Топқа бөлу. «Сиқырлы қоржын» қалтасынан сары, қызыл асықтарды алу арқылы топқа бөлу.</p>  <p>3. Үй тапсырмасы «Ғажайып алаң» ойынын ойнату арқылы сұрау.</p> <p>4. Жаңа сабақты түсіндіру. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру «Бейне жазба үзіндісін көрсету» әдісі</p>	<p>2. «Сиқырлы қоржын» қалтасынан жасыл, қызыл асықтарды алу арқылы топқа бірігеді.</p> <p>3. «Ғажайып алаң» ойынын ойнау арқылы үй тапсырмасының сұрақтарына жауап береді.</p> <p>4. Сабақтың тақырыбын, сөздікті дәптерге жазады</p> <p>Сабақтың мақсаттарымен танысады. Бейнероликті мұқият көреді, тыңдайды, сұрақтар бойынша талқылау жүргізеді.</p>	<p>«Мадақтау» әдісімен бағалау. «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»</p>	
<p>10 мин</p>	<p>Бейнероликті ұсына отырып, «Стоп - кадр» әдісімен түрткі сұрақтар қою: Мәліметтер типтері дегенді қалай түсінесіңдер? Мәліметтер типтерінің қандай түрлері бар?</p> <p>5. «Жұптық жұмыс» Мәліметтер типтерін сәйкестендіруге беру.</p> <p>6. «Ойлан да, ой бөліс» топтық тапсырма орындалады. «Топтық жұмыс» 1- ші топқа Жол және Тізімнің Python тіліндегі жазылуының ұқсастықтарын қорғап айту. 2- ші топқа Жол және Тізімнің Python тіліндегі жазылуының айырмашылықтарын қорғап айту</p>	<p>5 «Жұптық жұмыс» Мәліметтер типтерін сәйкестендіреді.</p> <p>6. «Топтық жұмыс» 1- ші топқа Жол және Тізімнің Python тіліндегі жазылуының ұқсастықтарын қорғап айтады.</p> <p>2- ші топқа Жол және Тізімнің Python тіліндегі жазылуының айырмашылықтарын қорғап айтады</p>	<p>Жұптар бір – бірін балмен бағалайды Топтар бір – бірін смайликпен бағалайды</p>	<p>https://youtu.be/prnYbMpESgw</p> 
<p>10 мин</p>	<p>4. (Д) Компьютермен жеке жұмыс. Креативті ойлауды дамыту тапсырмасы.</p> <p>Тапсырма: «Информатика» сөзін «акитамрофни» түрінде кері жазу программасын құрады.</p> <p>6. Сергіту сәті. «Логика қандай?» ойыны. Ортақ сөзді тап. Оқушыларға екі сурет көрсетіледі, соларды байланыстыратын ортақ сөзді табуы қажет.</p>	<p>Python да «Информатика» сөзін «акитамрофни» түрінде кері жазу программасын жазып орындайды.</p> <p>Берілген суреттерге қарап, төмендегі әріптерді пайдаланып, екі суреттен 1 сөзді шығарады.</p>	<p>Ұстаз оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын!</p>	<p>Оқулық, жұмыс дәптерлері.</p>

<p>5 мин</p>	 <p>Learning Apps.org сайты арқылы жаңа іс парағында сұрақтарға жауап берілді, интерактивті тапсырмалар орындалды. Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы</p>	<p>Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Мәліметтер типтері дегеніміз не? Мәліметтер типтерінің қандай түрлері бар? Нақты сан сандық типте қалай аталады. Мәліметтер типтерін сәйкестендіреді.</p>	<p>Ұстаз оқушыларды смайликпен бағалайды.</p>	
<p>5 мин</p>	<p>«Аяқталмаған сөйлем» әдісі. Сабақты бекіту.</p> <p>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.</p>	<p>Жеке жұмыс: - бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім. - бүгін сабақта қуантқаны..... - мен өзімді.....үшін мақтар едім. - маған ерекше ұнағаны..... - сабақтан соң маған.....келді - бүгін маған.....сәті түсті. - қызықты болғаны..... -қиындық тудырды. - менің түсінгенім..... - енді мен.....аламын.</p>	<p><i>Сонымен қатар 1-10 балдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</i></p>	
<p>Сабақтың соңы 4 мин 1 мин</p>	<p>1. Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастырады. 2. Кері байланыс: «Мұғалімге СМС хабарлама»</p>  <p>Үйге тапсырма: Мобильді қосымшаны құру</p>	<p>Сабаққа белсенді араласқан, тапсырмаларды жақсы орындаған оқушылар мадақталады, жетістіктері айтылады, әр оқушыға рефлексия жасалады. Ұстаз соңында қортынды жасап, оқушыларды балдық жүйемен бағалайды.</p>		

